

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 қарашадағы N 1467 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.03.20. N 68 қаулысымен.

Қазақстанның саяси дамуының аса маңызды мәселелері бойынша жалпыұлттық үндесуді тереңдегу мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесшісі орган ретіндегі Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның дербес құрамы бекітілсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 2 қарашадағы  
N 1467 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы  
Демократия және азаматтық қоғам мәселелері  
жөніндегі ұлттық комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің

жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Ұлттық комиссия қызметінің басты мақсаттары саяси жүйені жетілдіруге бағытталған шараларды тұжырымдау және азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру жөніндегі бірінші кезекті міндеттерді айқындау болып та б ы л а д ы .

3. Ұлттық комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## **2. Ұлттық комиссияның құқықтары**

### **4. Ұлттық комиссияның:**

азаматтық қоғамды одан әрі демократияландырумен және дамытумен, Қазақстанның саяси жүйесін жетілдірумен байланысты мәселелер бойынша заннамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ ұсынымдарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізуге;

мемлекеттік органдармен консультациялар жүргізуге;

орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан қажетті құжаттар мен өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

жоғарыда аталған мәселелерді зерделеуге және талдауға;

жекелеген жұмыстарды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен мамандарды, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

Ұлттық комиссия құзыретіне жататын жекелеген мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтарын құруға;

мемлекеттік органдарға және қоғамдық бірлестіктерге қарау үшін статистикалық, талдамалық, әдістемелік және өзге де ақпараттық материалдарды ж о л д а у ғ а ;

қабылданған ұсынымдардың орындалу барысына бақылау жасауды жүзеге асыруға құқығы бар.

## **3. Ұлттық комиссияның құрамы**

5. Ұлттық комиссия Мемлекет басшысының Жарлығымен Ұлттық комиссияның төрағасы және мүшелері құрамында құрылады, бұған осы ереженің 8-тармағында көзделген жағдай қосылмайды.

6. Ұлттық комиссияны Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын төраға басқарады. Төраға Мемлекет басшысына Ұлттық комиссияның жұмысы туралы тұрақты түрде ақпарат беріп отырады.

Ұлттық комиссияның отырыстарында Қазақстан Республикасының Президенті төрағалық етуі мүмкін.

Ұлттық комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;  
Ұлттық комиссия отырыстарының өткізілетін орны мен уақытын айқындаиды  
;

Ұлттық комиссияның отырыстарында төрағалық етеді.

8. Ұлттық комиссияның құрамына саяси партиялардың жетекшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің қос Палатасынан екі депутаттан және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінен және Қазақстан Республикасы Үкіметінен екі өкілден кіреді.

Ұлттық комиссияның төрағасы қажет жағдайда Ұлттық комиссия мүшелерінің келісімімен оның құрамына қосымша мүшелер ретінде саяси партиялардың өкілдерін енгізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

9. Ұлттық комиссия мүшелерінің ұсыныстары негізінде төрағалық етушінің шешіміне сәйкес оның отырысына күн тәртібі бойынша Ұлттық комиссия құрамына кірмейтін мемлекеттік органдардың және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ мамандар, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшылар шақырыла алады.

#### **4. Ұлттық комиссияның жұмыс тәртібі**

10. Ұлттық комиссияның жұмысы қажеттігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізілетін отырыстар арқылы жүзеге асырылады.

11. Ұлттық комиссияның отырысы, егер оған Ұлттық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, құқылы болып табылады.

12. Ұлттық комиссияның шешімдері сол отырысқа қатысушы Ұлттық комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен отырыста қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда талқыланатын мәселе бойынша төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Ұлттық комиссияның мүшесі немесе мүшелері өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы.

Ұлттық комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

#### **13 . Т ө р ағ а о т ы р ы с т а :**

Ұлттық комиссия отырысының күн тәртібі мен жұмыс реті туралы хабардар е т е д і ;

отырысты осы ережеге сәйкес жүргізуді қамтамасыз етеді;

ұсыныстардың тұсу ретімен сөз береді, ал қажет жағдайларда мұндай езгертудің себебін жариялай отырып, сөйленетін сөздердің кезектілігін өзгерте а л а д ы .

14. Отырысқа қатысушылар мен шақырылғандар өздеріне төраға сөз

15. Ұлттық комиссия Комиссия жұмысының осы ережеде реттелмеген ұйымдық мәселелерін реттейтін регламент қабылдауға құқылы.

## 5. Ұлттық комиссия отырыстарын әзірлеу

16. Ұлттық комиссия қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жұмыс органы Президент Әкімшілігі болып табылады.

### 17. Ұлттық комиссияның жұмыс органы:

Ұлттық комиссияның жұмыс жоспарының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

Ұлттық комиссия мүшелерінің ұсыныстары және оның бұрын қабылданған шешімдері негізінде отырыстардың күн тәртібінің жобасын түзеді;

Ұлттық комиссия отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;

Ұлттық комиссия мүшелерін Ұлттық комиссияның кезекті отырысы өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді және оларды қажетті материалдармен уақтылы қамтамасыз етеді;

Ұлттық комиссияның ұсынымдарын қарау үшін мемлекеттік органдарға жолдаиды.

18. Ұлттық комиссия отырысының күн тәртібін бекіту туралы мәселені қарау кезінде оның мүшелерінің әрқайсысы отырыстың күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу жөнінде ұсыныстар беруге құқылы.

### 19. Ұлттық комиссия мүшелері:

Ұлттық комиссия жұмысының жоспары, отырыстардың күн тәртібі және мәселелерді талқылаудың реті бойынша ұсыныстар енгізуге;

Ұлттық комиссияның отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысуға;

Ұлттық комиссияда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Ұлттық комиссия мүшелерінің өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беру құқығы болмайды.

## 6. Ұлттық комиссия шешімдерінің орындалуына бақылау жасау

20. Ұлттық комиссия шешімдерінің орындалуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады. Ұлттық комиссия төрағасы қабылданған шешімдердің іске асырылу барысы туралы Ұлттық комиссияның мүшелерін тұрақты түрде хабардар етуге міндettі.

Қазақстан                    Республикасы  
Президентінің

2 0 0 4            ж ы л ф ы            2            қ а р а ш а д а ф ы

N            1 4 6 7            Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Демократия және азаматтық қоғам мәселелері  
жөніндегі ұлттық комиссияның  
ҚҰРАМЫ**

|                           |                                      |
|---------------------------|--------------------------------------|
| Әтемұратов                | - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік |
| Болат Жәмітұлы            | Кеңесінің Хатшысы, төраға            |
| Ұлттық комиссия мүшелері: |                                      |
| Әбділдин                  | - Қазақстан Коммунистік партиясы     |
| Серікболсын Әбділдаұлы    | Орталық комитетінің төрағасы         |
| (келісім бойынша)         |                                      |
| Әбдірахманов Серік        | - Қазақстан Республикасы Парламенті  |
| Мәжілісінің депутаты      |                                      |
| Бәйменов                  | - Қазақстанның "Ақ жол"              |
| Әлихан Мұхамедияұлы       | Демократиялық партиясының тең        |
|                           | төрағасы (келісім бойынша)           |
| Башмаков                  | - Қазақстан Республикасы Парламенті  |
| Анатолий Афанасьевич      | Сенатының депутаты                   |
| Ермегіяев                 | - Республикалық "Отан" саяси         |
| Амангелді Дінұлы          | партиясы төрағасының орынбасары      |
| (келісім бойынша)         |                                      |
| Жағанова                  | - "Руханият" партиясының төрайымы    |
| Алтыншаш Қайыржанқызы     | (келісім бойынша)                    |
| Жұмабеков                 | - Қазақстан Республикасы Әділет      |
| Оңалсын Исламұлы          | министрі                             |
| Имашев                    | - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік |
| Берік Мәжитұлы            | Кеңесі Хатшысының орынбасары         |
| Кекілбаев                 | - Қазақстан Республикасы Парламенті  |
| Әбіш                      | Сенатының депутаты                   |
| Косарев                   | - Қазақстан Коммунистік халық        |
| Владислав Борисович       | партиясының төрағасы (келісім        |
|                           | бойынша)                             |
| Қалиев                    | - Қазақстанның "Ауыл" социал-        |
| Ғани Әлімұлы              | демократиялық партиясының            |
|                           | төрағасы (келісім бойынша)           |

|                      |   |
|----------------------|---|
| Қасымов              | - Қазақстан Патриоттар партиясының төрағасы (келісім бойынша)                       |
| Ғани Есенкелдіұлы    | - "Қазақстанның демократиялық таңдауы" Халық партиясының төрағасы (келісім бойынша) |
| Қожахметов           | - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрі                      |
| Асылбек Базарбайұлы  | - Қазақстан Аграрлық партиясының төрағасы (келісім бойынша)                         |
| Қосубаев             | - Қазақстан Республикалық "Асар" партиясының төрайымы (келісім бойынша)             |
| Есетжан Мұратұлы     | - Қазақстан Демократиялық партиясының төрағасы (келісім бойынша)                    |
| Мадинов              | - Қазақстан Азаматтық партиясы  |
| Ромин Ризұлы         | Орталық комитетінің бірінші хатшысы (келісім бойынша)                               |
| Назарбаева           | - Қазақстан Республикасы Парламенті   |
| Дариға Нұрсұлтанқызы | Мәжілісінің депутаты  |
| Нәрікбаев            |   |
| Мақсұт Сұлтанұлы     |   |
| Азат Тұрлышекұлы     |   |
| Трошихин Михаил      |   |
| Васильевич           |   |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК